

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақы белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2024 жылғы 7 маусымдағы № 15-8 шешімі

Ескерту. Осы шешім 01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 " Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 5-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, Қаратөбе аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртіпте Қаратөбе ауданы әкімдігі Қаратөбе аудандық ішкі саясат бөлімінің "Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджеттен ынталандыру үстеме ақысы 60% пайыздан аспайтын көлемінде белгіленсін.

2. Ынталандырушы үстемеақылар Қаратөбе ауданы әкімдігі Қаратөбе аудандық ішкі саясат бөлімінің "Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына, заңгер-кеңесшіге, психологқа, дінтанушы (теолог)-кеңесшіге, кеңесшілерге төленсін.

3. Осы шешім 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

Мәслихат төрағасы

Н.Мендешов